ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Сұйық мұнай өнімдері
Орташа айдандылардағы майлы қышқылдардың метил эфирлерінің мөлшерін анықтау
ИНФРАҚЫЗЫЛ СПЕКТРОМЕТРИЯ ӘДІСІ

Нефтепродукты жидкие
Определение содержания метиловых эфиров жирных кислот в средних дистиллятах
Метод инфракрасной спектрометрии

ҚР СТ EN 14078-2014

EN 14078-2014 «Liquid petroleum products. Determination of fatty acid methyl esters (FAME) in middle distillates by infrared spectroscopy method», (IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Сұйық мұнай өнімдері

Орташа айдандылардағы майлы қышқылдардың метил эфирлерінің мөлшерін анықтау

ИНФРАҚЫЗЫЛ СПЕКТРОМЕТРИЯ ӘДІСІ

ҚР СТ EN 14078-2014

EN 14078-2014 «Liquid petroleum products. Determination of fatty acid methyl esters (FAME) in middle distillates by infrared spectroscopy method», (IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 «Қазақстан метрология институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны, № 69 «Инфрақұрылымның инновациялық технологиялары» Стандарттау бойынша техникалық комитетімен «Техностандарт-НС» ЖШС базасында **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗІЛДІ**

2 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2014 жылғы 8 желтоқсандағы № 253-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт EN 14078-2014 «Liquid petroleum products. Determination of fatty acid methyl esters (FAME) in middle distillates by infrared spectroscopy method» сұйық мұнай өнімдері. орташа айдағыштарды майлы қышқылдардың метил эфирлерінің мөлшерін анықтау. Инфрақызыл спектрометрия әдісіне сәйкес

Осы стандарт негізделіп жасалған және сілтемелер берілген халықаралық стандарттардың ресми даналары Техникалық нормативтік құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорында бар

Ағылшын тіліндегі аудармасы (en)

Сәйкестік дәрежесі – біркелкі (IDT)

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ **2019 жыл**
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ **5 жыл**

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат «Стандарттау бойынша нормативтік құжаттар» сілтемесінде, ал өзгеріс мәтіні «Ұлттық стандарттар» ай сайынғы ақпараттық сілтемесінде жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (жойылған) немесе ауыстырылған жағдайда тиісті ақпарат «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде Қазақстан Республикасы аумағында толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

ҚАЗАҚСТАНРЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Сұйық мұнай өнімдері
Орташа айдандылардағы майлы қышқылдардың метил эфирлерінің мөлшерін анықтау
ИНФРАҚЫЗЫЛ СПЕКТРОМЕТРИЯ ӘДІСІ

Енгізілген күні 2016-01-01

1Қолданылу саласы

Бұл стандарт орташа инфрақызылдағы инфрақызыл (бұдан әрі ИҚ) спектрометрия арқылы дизельдік жанармай немесе қазандық отынының құрамындағы майлы қышқылдардың метил эфирлерінің (бұдан әрі FAME) мөлшерін анықтайтын сынақ әдістерін орнатады. Бұл аймақ келесі үш өлшеу диапазонына таралады:

- А диапазоны: FAME концентрациясы үшін 0,05% (V/V)-дан-3% (V/V)-ға жуық;
- В диапазоны: FAME концентрациясы үшін 3% (V/V)-дан - 20% (V/V) -ға жуық;
- С диапазоны:FAME концентрациясы үшін 20 % (V/V) -дан - 50 % (V/V) -ға жуық.

FAME-нің жоғарырақ концентрациясы езу барысында талдана алады.

Бұл сынақ әдісі еуропалық спецификацияға EN 14214 сай құрамында FAME-ді қамтитын үлгілермен қолданыста тексерілді. Сенімді сандық нәтижелерді тек үлгілер басқа интерференцияланған компоненттердің, әсіресе FAME сандық талдауында қолданылатын спектральды аймақта жұтылу сызығы бар күрделі эфирлердің, едәуір мөлшерін қамтымаған жағдайда ғана алуға болады. Бәлкім, бұл сынақ әдісі осындай интерференцияланған компоненттердің бар болған жағдайында жоғарырақ нәтижелер беретін болады.

Ескертулер

1 Бұл стандартта % (V/V) өлшеу бірлігін өнімнің көлем үлесін белгілеу үшін қолданады.

2 Г/л-мен белгіленген мөлшерді % (V/V) мөлшеріне аудару үшін қалыптасқан, белгіленген тығыздық мөлшерін (FAME 883,0 кг/мз) қолданады.

Бұл стандартты қолдану барысында қауіпті материалдар және жабдықтар қолданылуы мүмкін. Бұл стандарт қолданылуына байланысты барлық қауіпсіздік мәселелерін қарастыруды ескермейді.

Қауіпсіздік техникасымен және денсаулық қорғаумен қамтамасыз ететін шараларды анықтау және белгілеу, сондай-ақ, стандарттың қолданылу шегін анықтау жауапкершілігін қолданушы көтереді.

2 Нормативтік сілтемелер

Бұл стандартты қолдану үшін келесі сілтемелі құжаттар қажет:

EN 14214 «Іштен жанатын қозғалтқыштарға арналған жанар майлар - дизельдік қозғалтқыштарға арналған Майлы қышқылдардың метил эфирлері (FAME) –Талаптар мен сынақ әдістері».

EN ISO 3170 «Сұйық мұнай өнімдері.Сынамаларды қолмен іріктеу әдістері (ISO 3170)».

EN ISO 3171 «Сұйық мұнай өнімдері. Құбыр сынамаларын автоматты іріктеу (ISO 3171). Іштен жанатын қозғалтқыштарға арналған жанар майлар - дизельдік қозғалтқыштарға арналған».

ЕСКЕРТПЕ Осы стандартты пайдаланған кезде сілтеме стандарттар ағымдағы жылдағы жай-күйі бойынша жыл сайын басылып шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық сілтемесі бойынша және ағымдағы жылда жарияланған тиісті ай сайын басылып шығарылатын ақпараттық сілтемелер бойынша тексерген дұрыс. Егер сілтеме құжат ауыстырылса, (өзгертілсе), онда осы стандартты пайдаланған кезде ауыстырылған (өзгертілген) стандартты басшылыққа алу керек. Егер сілтеме құжат ауыстырусыз жойылса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

3 Әдістің мәні

Тиісінше циклогексанмен сұйылтылған, орташа ИҚ-аймағында сыналып отырған сынама бөлігінің жұтылу спектрін жазады. Күрделі эфирлердің жұтылу аймағы үшін қалыптының шыңның максимумында жұтылуын өлшейді, шамамен (1745 ± 5) $см^{-1}$диапазонында. Бастапқыда, бөліктеу және мәліметтерді бағалау FAME граммдары/литрге есебінен жүзеге асырылады. FAME граммдары/литрді (г/л) "% (*V/V*)" есептеме өлшеміне айналдыру үшін 883,0 кг/$м^3$(15 °С-те)-ке тең белгіленген тығыздық мөлшері қолданылады.

Үш өлшеу диапазоны таңдап алынды (А, В немесе С), олар үшін сұйылтуға және бөліктеуге арналған арнайы түзетулерді сақтау қажет. Өлшеуді А диапазонына және сынақ кюветінің ұзындығы қысқарақ жолына, сонымен қатар В және С диапазондары үшін сәйкесінше сұйылтусыз өткізу қажет. Сондай-ақ, төменгі анықтау диапазоны күрделі болып табылады; барлық келесі бөлшектер қандай да бір қателіксіз немесе кейбір бөлшектерді толықтырусыз пакет түрінде сақталуы тиіс. Бұл - айналма сынақтар арқылы анықталатын, А диапазонының жақсартылған дәлдіктегі мәліметтерін ұстанудың жалғыз амалы. Жұтылу сызығының шыңының максимумында

өлшенген оптикалық тығыздық негізінде, құрамында FAME-нің белгілі мөлшері бар, эталонды ерітінділерден алынған калибрлік атқарым арқылы FAME-нің құрамын өлшейді.

4 Реактивтер және материалдар

4.1 Бөліктеу үшін FAME, FAME EN 14214-ке сәйкес.

4.2 Сұйылтуға еріткіш ретінде және фондық спектрді өлшеу үшін анықтамалық материал ретінде FAME-сіз орташа айдағыш. Сонымен қатар, үлгі түріне лайықты (дизельдік жанармай немесе іштен жылытуға арналған пеш жанармайы) орташа айдағыш, барынша спектральды декомпенсациядан құтылу мақсатында, А диапазоны үшін қолданылуы мүмкін. Бұл мәнмәтіндегі «FAME-сіз» қасиеті ИҚ сигналы диапазонындағы (FAME-ге әдеттегі) жұтылу сызығы жоқ орташа айдағыштар деген мағынаны береді.

4.3 Этанол, н-пентан немесе циклогексан секілді тазартуға арналған еріткіштер.

5 Аппаратура

5.1 Қуат себетін немесе толқынды сандар диапазонында жұмыс істей алатын, шамасы 400 $см^{-1}$-ден 4000 $см^{-1}$-ге жуық, интерферометрикалық типтегі, 0,1-ден 1,1-ге дейінгі жұтылу диапазонында сызықтық жұтылуы бар және ең төменгі рұқсаты 4 $см^{-1}$-ге дейін болатын инфрақызыл спектрометр.

5.27.1-де көрсетілгендей, қолданылған өлшем диапазондарына байланысты кюветтерді таңдау және өңдеу үшін қосымша нұсқаулықтары бар, оптикалық жолының ұзындығы нақты белгілі KBr, NaCl, немесе CaF_2 - дан жасалған кювет.

Мысал - Оптикалық жолының ұзындығы 0,5 мм кюветті қолданғанда, концентрациясы 3 г/л (0,34%)FAME ерітіндісінің максималды шыңы 1745 $см^{-1}$- ге жуық болғанда, оптикалық тығыздығы 0,4-ке жуық болуы тиіс.

6 Сынақтарды іріктеу

Сынақтарды іріктеу EN ISO 3170 немесе EN ISO 3171-ге сай және/немесе ұлттық стандарттардың талаптарына сай, немесе зерттеліп жатқан өнімді іріктеу ережелеріне сай жүзеге асырылады. Егер үлгілер дереу тестіленбесе, олар салқын әрі қараңғы жерде, тығыз жабулы күйде сақталулары тиіс.

7 Сынақты өткізу

7.1 Кюветті іріктеу және өңдеу

Кювет жолының ұзындығы (5.2) сигналдың қажетті таза қарқындылығына қол жететіндей таңдалуы керек (кем дегенде, үтірден кейін екі белгі, А.1 кестесіндегі белгіленген кюветтерді қараңыз).Сонымен қатар, сигналдың қарқындылығы сызықтық детектор диапазоны ішінде болуы тиіс.

А, В немесе С диапазонына байланысты нақты түзетулер қажет (А.1 кестесінде келтірілген ұсыныстарды қараңыз):

- А диапазоны: жолдың ұзындығы барынша ұзақ және өлшемдерді сұйылтусыз жасаған дұрыс;
- В диапазоны: жолдың ұзындығы қысқарақ және сұйылту FAME –нің болжалды құрамына бейімделген;
- С диапазоны: жолдың ұзындығы қысқарақ және сұйылту FAME –нің болжалды құрамына бейімделген В диапазонына қарағанда жоғарырақ.

Жолдың ұзындығы мәлім немесе нақты анықталған болуы тиіс. Егер ол ұзақ мерзім бойы қолданылса, оны жиірек тексеруден өткізіп тұру керек. Әр қолданылған кювет үшін, әр өлшеу диапазонының басқа өлшеу параметрлерін сақтай отырып, арнайы және дербес бөлікте жасалады. Бір бөліктеуде бірнеше немесе әр түрлі кюветтерді қолдануға болмайды.

Дәл сол кювет үлгіні бөліктеп өлшеуге қолданыла алады. Пайдаланыстағы кюветке тек нақты анықталған жол ұзындығы қолданылады; кесімді мәліметтер (жолдың кесімді ұзындығы, таңбалау, кернегіштердің кесімді мәліметтері немесе т.с.с.) тиісті бақылаусыз немесе түзету шараларысыз қолданылмауы тиіс.

Егер суға сезімтал жасушалар пайдаланылса, жолдың ұзындығы жиірек тексерілуі қажет. Егер жол ұзындығы өзгерсе, қайтадан жол ұзындығы анықталуы тиіс және бөліктеу жүзеге асырылуы тиіс.

7.2 Кюветтерді тазарту

Әр өлшеуден кейін кювет еріткіштің көмегімен мұқият тазартылуы керек (4.3). Бұл құрамында FAME мөлшері көп үлгілерді өлшегеннен кейін әсіресе маңызды және құрамында FAME мөлшері аз үлгілерді өлшеуге дайындық кезінде төтенше маңызды. Кювет FAME–сіз орташа айдағышпен (4.2) бірнеше рет жуу арқылы тазартылуы мүмкін.

Аса тұрақты жағдайларда тазарту үшін циклогексан (бірақ бөліктеу немесе сұйылту мақсатымен емес) қолданылуы мүмкін, сондай-ақ келесі баламалы тазарту рәсімінде:

a) 5 мл n-пентанын екі рет жуу;

b) 5 мл этанолды (таза) бір рет жуу;

c) Тағы бір рет 5 мл n-пентанын жуу және лайықты жабдықпен құрғату

Кюветтің тазалығы күмән туғызатын жағдайда FAME-сіз үлгінің эталонды спектрі тіркеліп күмәнді тудыратын нәрсеге тексерілуі тиіс. Спектр 1745 $см^{-1}$диапазонындағы сигналдарды көрсетпеуі тиіс.

7.3 Жол ұзындығын таңдау

7.3.1 А спектрі

Жол ұзындығы үлкен кюветтер (мысалы,дәлдігі 0,01 мм-ге дейін KBr0,5 мм,) 0,05% (V/V)-дан 3% (V/V)-ға дейінгі диапазонда тексеруге өте лайықты болып шықты. Басқа материалдар және жол ұзындықтары да болуы мүмкін, алайда сигнал-шу қатынасы барынша қолайлы болуы үшін, ешбір жағдайда жол ұзындығы шамамен 0,2 мм-ден кем болмауы тиіс.

7.3.2 В Спектрі

3% (*V/V*)-дан 20% (*V/V*) -ға дейінгі жол ұзындығы 0,1 мм,белгілі дәлдігі 0,01 мм, FAME мөлшерін, 1:5 (А.1 кестесін қараңыз) езу жылдамдығымен бірге қолдану ұсынылады. Басқа кюветтер мен жол ұзындықтары да болуы ықтимал, бірақ, кез кезлген ірі сұйылту қателіктерінен қашыну үшін, сұйылту салыстырмалы өлшем шегінде орналасуы тиіс.

7.3.3 С Спектрі

20% (*V/V*)-дан жоғары FAME мөлшері үшін келесі өлшеу параметрлері ұсынылады:

- жол ұзындығы шамамен 0,05 мм, 0,01 мм-ге дейінгі дәлдікпен белгілі, езу жылдамдығы 1: 5;
- жол ұзындығы шамамен 0,1 мм, 0,01 мм-ге дейінгі дәлдікпен белгілі, езу жылдамдығы 1: 10. Толығырақ ақпарат үшін А.1 кестесінде келтірілген мағлұматтарды қараңыз.

7.4 Бөліктеу

7.4.1 Жалпы ережелер

Бөліктеу және содан соңғы өлшеу, барлық басқа өлшеу параметрлерін сақтай отырып жүзеге асырылады.

FAME концентрациясы төмен болған сайын, карбонил қабаты да азырақ болады (жұтылу қарқыны бұрынғыша жоғары болып тұрғанына қарамастан), ал фонды түзетуде сыншылдық артады. Арнайы А спектрі үшін (FAME-нің аз концентрациясын қамтитын) бөліктеу үлгілерімен (және де, бәлкім, бос сынама спектрлерімен) фонды түзету мұқият өңделген болуы тиіс.

7.4.2 Сынамаларды әзірлеу

Келесі спектрлер жалпы нұсқаулық ретінде пайдаланылуы керек:

- А спектрі шамамен0,05% (*V/V*) –дан шамамен 3% (*V/V*) -ға дейін;
- В спектрі шамамен 3% (*V/V*) –дан шамамен 20% (*V/V*) -ға дейін;
- С спектрі шамамен 20% (*V/V*) –дан шамамен 50% (*V/V*) -ға дейін.

FAME–ді лайықты өлшеуіш колбаларда салмақтау және ерітіндіні таза орташа айдағышпен белгіге дейін жеткізу арқылы спектрді өлшеу үшін кем дегенде бес таза орташа айдағыштағы (4.2), нақты белгілі

концентрациясыменFAME бөліктеу ерітінділерін (4.1) әзірлеу қажет.

Ескерту – EN 14214 стандартында көрсетілгендей, бұл әдіс FAME-нің барлық компоненттерін 1745 $см^{-1}$ИҚ спектр аймағындағы жұтылуды және С8 бен С22 молекулаларын өлшеу арқылы анықтайды. Өлшеу нәтижелерінің нақтылығы бөліктеуге қолданылатын FAME материалы мен талдау жасалып жатқан үлгідегі FAME материалының молекулярлық массаларының (тізбек ұзындығына пропорциялы) жақсы арақатысына байланысты. Бұл дегеніміз тізбегі орташа ұзындықты FAME-ді бөліктеуді қолдану арқылы тізбегі төменгі орташа ұзындықты FAME-нің бар болуын анықтау елеулі қайта бағалауға алып келеді, және керісінше. Дұрыс нәтиже алу үшін тестіленіп жатқан өнімдерде ұқсас орташа молекулярлық массаларға ие бөліктеуге арналған FAME-ді (4.1) қолдану ұсынылады.

Таза орташа айдағыш қосымша бөліктеу үлгісі (FAME-ніңкесімді құрамы нөлге тең) ретінде қолданылуы тиіс. Қосымша бөліктеу үлгілері болуы мүмкін қателіктерді тарату салдарынан сұйылту арқылы жасалмауы тиіс.

Әр бөліктеу ерітіндісі өлшену арқылы жеке дайындалуы керек.

7.4.3 Бөліктеу атқарымын есептеп шығару

Бірі қалмастан әр жағдайда, бөліктеу атқарымы келесідей болады:

$$Y = F(X) \qquad (1)$$

мұндағыY - сигнал (тәуелді өзгермелі), мысалы, түзетілген оптикалық тығыздық $Е_{испр}$;

X - концентрация (тәуелсіз өзгермелі), мысалы, грамм FAME/литр (г FAME/л)FAME концентрациясы болып табылады.

FAME (X) концентрациясы және сәйкес оптикалық тығыздықтың нормаланған коэффициенттерінің негізінде $Е_{испр}$ (Y), барлық бөліктеу ерітінділері үшін тура бөліктеу, (2) формулаға сәйкес модельді қолдана отырып сызықтық регрессия көмегімен есептеледі:

$$Y(\text{i}) = a \times X(\text{i}) + b \qquad (2)$$

Мұндағы Y(i)–(i)бөліктеу үлгісі үшін анықталған, түзетілген оптикалық тығыздық $Е_{испр}$ болып табылады;

X(i) –FAME-нің түзетілген концентрацисы, бөліктеу үлгісінің (i) грамм FAME/литрге (г FAME/л) болып табылады;

a, b - сызықтық регрессиядан алынған регрессия коэффициенттері (бұрыштық коэффициенттер) болып табылады.

b регрессия коэффициенті (Y осі коэффициенті) нөлге тең болуы тиіс, дегенмен, кездейсоқ түрде нөл болып белгіленбеуі тиіс. Нөлден ауытқу-өлшеу нүктелерінің жүйелі түрде барлық ең жақсы сәйкестік және жоғарырақ FAME концентрациясы бар бөліктеу үлгілерінің ықпал күші сызықтары

бойынша статикалық шашырауының нәтижесі болып табылады. Y осінің үлкенірек мәндерінде бөліктеу мұқият тексерілуі тиіс.

Басқа бөліктеу әдістері рұқсат етілмеген. 8.1 бойынша өлшеуді бағалау үшін қажет бөліктеу атқарымын өзгерту.

7.5 Сынамаларды әзірлеу

FAME-нің концентрациясына байланысты қол жетімді дизельдік жанармайдың арқасында үлгілер FAME-мен сұйылтылуы мүмкін. Оңтайлы жұтылуды табу үшін сұйылту коэффициенті А қосымшасына сәйкес таңдалуы тиіс.

Үлгілерді өлшеу колбаларында үлгілердің сұйылту коэффициентіне сәйкес көлемін салмақтау арқылы сәйкес өлшеу колбаларында сұйылтады және FAME циклогексан белгісіне дейін толтырады.

7.6 Инфрақызыл спектрлерді жазу

7.6.1 Жалпы ережелер

Егер бірнеше рет сканирлеу мүмкін болса, кем дегенде, 16 сканирлеу (барлық жазбалар үшін бірдей, сондай-ақ 7.4.1-ді қараңыз) қолданылуы мүмкін. Барлық келесі қадамдарды бөліктеу үлгілеріне де, тексеруге арналған үлгілерге де қолдануға болады. ИҚ-спектрометрдің барлық басқа нұсқаулықтарының сақталуы маңызды.

7.6.2 Фондық және әуелгі спектр

Әр бөліктеуде, фондық спектр әр өлшеуде орындалатын компенсациялау үшін, әуелгі ретінде қолданылуы және жазылуы қажет. Бұл үшін сәйкес үлгі түріне сәйкес жанармай базасы қолданылуы тиіс (7.4.1-ді және 4.2-ні қараңыз).

7.6.3 Спектрлерді жазу

Бөліктеу ерітінділерінің спектрлерін жазу барысында алдымен бос сынамаларды, сосын, мүмкіндігінше жад әсері жойылатындай, FAME концентрациясының өсуі бойынша жылжу керек. Сонымен қатар, кювет әр өлшеу алдында жақсылап тазартылуы тиіс.

Кювет лық толған жағдайда, ол еріткішпен жақсылап тазартылуы тиіс. Кюветтер және сұйылту коэффициенттері FAME-нің болжалды концентрациясына сәйкес таңдалып жазылады. Күмән туғызатын жағдайларда үлгінің бір шетіне индикаторлық өлшеулер өткізілуі тиіс. ИҚ спектр 4 000 $см^{-1}$-ден шамамен 400 $см^{-1}$-ге дейін жазады.

Фондық және/немесе әуелгі спектр шегеріледі. Бағалауға қажетті толқынды сан спектрінің (теріс сызықтар) дұрыс компенсациялануына және қайта компенсациялануына қол жеткізу керек. Алынған ИҚ спектр кейінірек болатын кезеңдерде қажет болуы мүмкін тексерулер үшін жазылады (сандық түрде болуы дұрыс).

Егер өлшеулерде және жұтылу сызықтарын бағалауда, әсіресе төмен концентрациялы FAME, қиындық туған жағдайда, бірнеше тәуелсіз өлшеу

негізінде өлшеу нәтижесін анықтау табандылықпен ұсынылады. Сондай-ақ, жеке нәтижелер шегіндегі айырмашылық өлшеу сапасы мен бағалауды жақсы сипаттамамен қамтамасыз ете алады.

7.6.4 Оптикалық тығыздық пен түзетілген оптикалық тығыздықты анықтау

Алдымен, 1 670 $см^{-1}$ мен 1 820 $см^{-1}$-дің арасына базалық сызық ретінде жанама сызық өткізіледі. Осыдан кейін оптикалық тығыздық $Е_{изм.}$- базалық сызықтан максимумы 1 745 ± 5 $см^{-1}$-дегі жұтылу сызығына дейінгі вертикальды арақашықтық болып анықталады. Бағалау үшін базалық сызықтың дұрыс анықталуына, фонның түзетілуіне және «сигнал-шу» қатынастарына ерекше назар аудару керек..

Есептеу кезінде сәйкес сұйылту ережелері ескерілу керек. Түзетілген оптикалық тығыздық $E_{испр.}$дегеніміз – бұл ИҚ спектрде өлшенген ($E_{изм.}$), сұйылтылмаған үлгі үшін қайта есептелген (нормаланған немесе түзетілген) оптикалық тығыздық. $E_{испр.}$(3) формула бойынша есептеледі:

$$E_{corr} = E_{meas} \cdot \left(\frac{V_{VF}}{V_{SV}} \right) \tag{3}$$

және де тек белгілі кюветпен қолданылады.

Мұндағы V_{VF} – бұл үлгіні сұйылту үшін қолданылатын өлшеу колбасының көлемі (мл);

V_{SV} – бұл сұйылтылатын үлгінің көлемі (мл).

Егер сұйылтылмаған үлгі тестіленсе, сұйылту коэффициенті бірге тең болады. Бұл жағдайда 1.0-ге тең көлемдер қолданылуы қажет.

Ескерту – Детектордың өшуінің сызықтық спектрінде орын алуы тиіс (жоғарыдағы ескертуді қараңыз) оптикалық тығыздыққа қарағанда $E_{изм.}$ FAME-нің жоғарырақ концентрациясы бар үлгілерді тестілеу кезінде(3) формула бойынша сұйылтылмаған үлгілерді нормалау, $E_{испр.}$-дің анағұрлым жоғарырақ көрсеткіштеріне әкелуі мүмкін.

8 Есеп

8.1 Грамм/литрдегі (г/л)FAME-нің құрамын есептеу.

FAME концентрациясын есептеу үшін X (2) формуласының шешімі (4) формуласын береді:

$$X_s = \frac{E_{corr} - b}{a} \tag{4}$$

Мұндағы а – сызықтық регрессиядан алынған (7.4.3) регрессия (көлбеу) коэффициенті;

b –сызықтық регрессиядан алынған (7.4.3) регрессия коэффициенті (қиылыс);

X_s – тестіленіп жатқан үлгідегі FAME-нің белгілі концентрациясы, грамм/литрде (г/л).

8.2 FAME концентрациясын өлшеу бірліктерін г/л–ден % **(V/V)**–ға ауыстыру

Грамм/литрде (г/л) берілген FAME концентрациялары (5) формуласына сәйкес FAME-нің кесімді тығыздығын (15 ° С) 883,0 кг/м 3 ескере отырып ауыстырылуы тиіс.

$$Y_S = \frac{100 \cdot X_S}{883} \qquad (5)$$

мұндағыY_s- % (*V/V*)-дағы FAME концентрациясы болып табылады ;

X_s-грамм/литрдегі (г FAME/л) FAME концентрациясы болып табылады.

Мысал - 23,5 г FAME / л – 2,661 4% (V/V) үтірден кейін екі белгіге дейін дөңгелектегенде = 2,66% (V/V) (А спектрі, 7.4.2).

9 Нәтижелерді білдіру

г FAME/л-дегі FAME концентрациясының дөңгелектенбеген мәні аралық нәтиже ретінде қолданылуы керек. Нәтижені % (*V/V*) –ға ауыстыру үшін (5) формуласын пайдалану керек (8.2-ні қараңыз).

А спектрі өлшемдері үшін нәтиже % (*V/V*)-да, үтірден кейін екі белгі болып көрсетілуі тиіс. В және С өлшеу спектрлерінің нәтижелері % (*V/V*)-да, ондықтарға дейінгі дәлдікпен жазылуы тиіс.

10 Әдістің дәлдігі

10.1 Жалпы ережелер

Берілген дәлдік EN ISO 4259 стандартына сәйкес, FAME-нің жоғары және төмен концентрациясы бар әр түрлі дизельдік жанармайларының матрицаларының зертханааралық сынақтарының нәтижелерінің статистикалық талдауынан және де үш тұрмыстық қыздыратын майларынан (тек А өлшем спектрі) алынды [1].

Ескерту – Зертханааралық сынақтар мен статистикалық бағалау [2]-де толық баяндалған.

10.2 Қайталанушылық, r

Екі бірізді сынақ нәтижелерінің айырмашылығы, қысқа уақыт аралығында, бір оператор, бір зертханада, бірдей сыналып отырған өнімге бір жабдықты пайдалана отырып бірдей әдіс қолданғанда, жиырма жағдайдың біреуінде ғана 1-кестеде берілген мәннен асуы мүмкін.

10.3 Жаңғыртушылық, R

Әдісті әдеттегідей және дұрыс қолданғанда, ұзақ уақыт аралығында әр түрлі операторлардан, әр түрлі зертханаларда, бірдей сыналып отырған

өнімнен алынған екі бөлек және тәуелсіз сынақ нәтижелерінің айырмашылығы жиырма жағдайдың біреуінде ғана 1-кестеде берілген мағынадан асуы мүмкін.

1-кесте. Дәлдік

Өлшеу спектрі және өнім түрі	**Қайталанушылық** r % (V/V)	**Жаңғыртушылық** R % (V/V)
A спектрінің орташа айдағышы	r = 0,012 6 X + 0,007 9	R = 0,049 9 X + 0,023 1
B спектрінің орташа айдағышы	r = 0,016 6 X - 0,019 5	R = 0,079 3 X - 0,041 3
C спектрінің орташа айдағышы	r = 0,003 2 X + 0,418 7	R = 0,063 2 X - 0,003 6
FAME концентрациясы шамамен 0,06 % (V/V) тұрмыстық қыздыратын май	0,004	0,015
мұндағы X – екі нәтиженің орта мәні.		

11 Сынақ хаттамасы

Сынақ хаттамасында келесі ақпараттар болуы тиіс:

a) осы стандартқа сілтеме, мысалы EN 14078;

b) сыналатын өнімнің түрі және оны толық сәйкестендіру үшін мағлұматтар;

c) сынақ нәтижесі (9-бөлімді қараңыз);

d) Белгіленген әдістен, келісім бойынша немесе басқа, кез келген ауытқу;

e) сынақ өткізілген спектр (A, B немесе C);

f) сынақ өткізілген күн.

А-қосымшасы
(ақпараттық)

Бөліктеу мен сұйылтуға арнайы түзетулер

А.1 кестесі оптикалық жол ұзындығын және сұйылту коэффициентін таңдау үшін қосымша ақпараттарды ұсынады. А.1 кестесіндегі барлық мәндерді шамаланған эталонды мән ретінде қарастыру керек. Қою сандары бар ұяшықтар сынақ үшін болжалды негізгі спектрді көрсетеді. Сызықтыққа назар аудару қажет. Ең жақсы нәтижеге оптикалық тығыздықты (орташа оптикалықтың орташа спектрінде жақсырақ) анықтау арқылы қол жеткізуге болады. Сол себепті, бастапқы сынақтарды негізге ала отырып, кювет пен сұйылту коэффициентінің оңтайлы үйлесімі таңдалуы тиіс. Сондай-ақ бұл шамаланған мәндерде, кюветтердің жасалған материалдарына байланысты, айырмашылық болуы мүмкін.

А.1 кестесі. Оптикалық жол ұзындығын және сұйылту коэффициентін таңдау үшін мәліметтерді бағалау

FAME г/л	FAME % (V/V)	Жұтылу:											
		Сұйылту											
		нет	Нет	Нет	1:2	1:2	1:2	1:5	1:5	1:5	1:10	1:10	1:10
		Кюветтің оптикалық жол ұзындығы, Мм			Кюветтің оптикалық жол ұзындығы, Мм			Кюветтің оптикалық жол ұзындығы, мм			Кюветтің оптикалық жол ұзындығы, мм		
		(1,0)	0,5	0,1	(1,0)	0,5	0,1	(1,0)	0,5	0,1	0,5	0,1	0,05
0,009	0,001	0,003	0,001										
0,044	0,005	0,012	0,006	0,001	0,01								
0,09	0,010	0,023	0,012	0,002	0,01	0,01							
0,22	0,025	0,058	0,029	0,006	0,03	0,01	—	0,01	0,01	—	—	—	—
0,44	0,050	**0,12**	0,059	0,012	0,06	0,03	0,01	0,02	0,01	—	0,01	—	—
0,88	0,100	**0,23**	**0,12**	0,023	**0,12**	0,06	0,01	0,05	0,02	—	0,01	—	—
2,21	0,25	**0,59**	**0,29**	0,059	**0,29**	**0,15**	0,03	**0,12**	0,06	0,01	0,03	0,01	—
4,42	0,50	**1,17**	**0,59**	**0,12**	**0,59**	**0,29**	0,06	**0,23**	**0,12**	0,02	0,06	0,01	0,01
8,83	1,00	2,33	**1,17**	**0,23**	**1,17**	**0,58**	**0,12**	**0,47**	**0,23**	0,05	**0,12**	0,02	0,01
13,25	1,50	3,51	1,75	**0,35**	1,75	**0,88**	**0,18**	**0,70**	**0,35**	0,07	**0,18**	0,03	0,02
17,66	2,00	4,67	2,33	**0,47**	2,33	**1,17**	**0,23**	**0,93**	**0,47**	0,09	**0,23**	0,05	0,02
22,08	2,50	5,84	2,92	**0,58**	2,92	1,46	**0,29**	**1,17**	**0,58**	**0,12**	**0,29**	0,06	0,03
26,49	3,00	7,00	3,50	**0,70**	3,50	1,75	**0,35**	1,40	**0,70**	**0,14**	**0,35**	0,07	0,04
30,91	3,5	8,17	4,09	**0,82**	4,09	2,04	**0,41**	1,63	**0,82**	**0,16**	**0,41**	0,08	0,04

35,32	4,0	9,34	4,67	**0,93**	4,67	2,34	**0,47**	1,87	**0,93**	**0,19**	**0,47**	0,09	0,05
39,74	4,5	10,5	5,26	**1,05**	5,26	2,63	**0,53**	2,10	**1,05**	**0,21**	**0,53**	0,11	0,05
44,15	5,0	11,7	5,84	**1,17**	5,84	2,92	**0,58**	2,34	**1,17**	**0,23**	**0,59**	**0,12**	0,06
48,57	5,5	12,9	6,43	1,29	6,43	3,21	**0,64**	2,57	1,29	**0,26**	**0,65**	**0,13**	0,06
52,98	6,0	14,0	7,01	1,40	7,01	3,50	**0,70**	2,80	1,40	**0,28**	**0,70**	**0,14**	0,07
57,40	6,5	15,2	7,59	1,52	7,59	3,80	**0,76**	3,04	1,52	**0,30**	**0,76**	**0,15**	0,08
88,30	10,0	23,4	11,7	2,34	11,69	5,84	**1,17**	4,67	2,34	**0,47**	**1,17**	**0,23**	**0,12**
132,45	15,0	35,1	17,5	3,51	17,53	8,77	1,75	7,01	3,51	**0,70**	1,76	**0,35**	**0,18**
176,60	*20,0*	*46,7*	*23,4*	*4,67*	*23,37*	*11,69*	*2,34*	*9,35*	*4,67*	**0,93**	*2,34*	**0,47**	**0,23**
220,75	*25,0*	*58,4*	*29,2*	*5,84*	*29,21*	*14,61*	*2,92*	*11,69*	*5,84*	**1,17**	*2,92*	**0,58**	**0,29**
264,90	*30,0*	*70,1*	*35,1*	*7,01*	*35,05*	*17,53*	*3,51*	*14,02*	*7,01*	*1,40*	*3,51*	**0,70**	**0,35**
353,20	*40,0*	*93,5*	*46,7*	*9,35*	*46,75*	*23,37*	*4,67*	*18,70*	*9,35*	*1,87*	*4,68*	**0,93**	**0,47**
441,5	*50,0*	—	*58,44*	*11,68*	—	*29,22*	*5,84*	—	*11,69*	*2,34*	*7,01*	**1,17**	**0,58**
423,84	*60,0*	—	—	*14,03*	—	*0,00*	*7,01*	—	*0,00*	*2,81*	*9,35*	*0,00*	**0,70**

Инфрақызыл спектрлердің мысалдары А.1 және А.2 суреттерінде келтірілген. А.1-суреті таза дизельдік жанармайын, ал А.2-суреті кәдімгі 5% (*V/V*)FAME қосылған дизельдік жанармайын көрсетіп тұр.



Шартты белгілер
X толқындық саны ($см^{-1}$); Y сіңіретін қондырғы.

А.1 суреті. Дизельдік жанармайының инфрақызыл спектрінің мысалы (FAME қоспаларысыз)



Шартты белгілер
X толқындық саны ($см^{-1}$); Y сіңіретін қондырғы.

А.2 суреті. Дизельдік жанармайының инфрақызыл спектрінің мысалы (5% (*V/V*) FAME қоспасы бар)

3-сурет үлгінің, 4% (*V/V*) FAME-ді қамтитын, калий бромидінде, жол ұзындығы 490 мм кюветте өлшенген, базалық сызығын түзеткеннен кейінгі таза сіңірілуді көрсетеді. Фонның компенсациялануы таза дизельдік жанармайымен өткізілді.



Шартты белгілер
X толқындық саны ($см^{-1}$); Y сіңіретін қондырғы.

А.3-суреті - (4% (*V/V*) FAME) дизельдік қоспасы үшін базалық сызықша рәсіміне сәйкес жұтылым

Библиография

[1] EN ISO 4259, Мұнай өнімдері. *Анықтамалары және сынақ әдістеріне қатысты прецизиондық мағлұматтарды қолдану (ISO 4259:2006)*

[2] Биоскоп жобасы жайлы баяндама, Биожанармай стандарты үшін кажетті жақсартулар, EN 14214, сәуір 2008, CEN/TC 19 секретариатында бар (NEN, п/ж 5059, 2600 КК Делфт, Нидерланды, energy@nen.nl)

Д.А қосымшасы
(ақпараттық)

Мемлекеттік стандарттардың сілтемелі еуропалық стандарттарға сәйкестігі туралы мәліметтер

Д.А кестесі - Мемлекеттік стандарттардыңеуропалық стандарттарға сәйкестігі туралы мәліметтер

Сілтемелі еуропалық стандарттың атауы және белгісі	Сәйкестік деңгейі	Мемлекеттік стандарттың атауы және белгісі
EN ISO 3170:2004 Сұйық мұнай өнімдері. Сынамаларды қолмен іріктеу әдістері	IDT	ҚР СТ ИСО 3170:2006 Сұйық мұнай өнімдері. Сынамаларды қолмен іріктеу әдістері
EN ISO 3171:1999 Сұйық мұнай өнімдері. Құбыр сынамаларын автоматты іріктеу.	IDT	ҚР СТ ИСО 3171:2007 Сұйық мұнай өнімдері. Сұйық көмірсутектер. Құбыр сынамаларын автоматты іріктеу.
EN 14214:2008 Іштен жанатын қозғалтқышқтарға арналған жанар майлар. Дизельдік қозғалтқыштарға арналған майлы қышқылдардың метил эфирлері (FAME). Техникалық талаптар мен сынақ әдістері .	-	ҚР СТ ЕН 14214-2009 Биодизель жанармайы. Физикалық қасиеттері. Техникалық шарттар мен бақылау әдістері. .

ӘОЖ 665.6-404:[543.42.062:547.271(083.74)(476) **МСЖ 75.160.20**

Түйін сөздер: майлы қышқылдардың метил эфирлері, инфрақызыл спектроскопия әдісі,FAME–нің құрамы, дизельдік жанармай, спектрометрикалық өлшеу

НАЦИОНАЛЬНЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Нефтепродукты жидкие

Определение содержания метиловых эфиров жирных кислот в средних дистиллятах
Метод инфракрасной спектрометрии

СТ РК EN 14078-2014

EN 14078-2014 «Liquid petroleum products. Determination of fatty acid methyl esters (FAME) in middle distillates by infrared spectroscopy method», (IDT)

Издание официальное

Комитет технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан (Госстандарт)

Астана

Предисловие

1 ПОДГОТОВЛЕН И ВНЕСЕН Республиканским государственным предприятием «Казахстанский институт метрологии», Техническим комитетом по стандартизации № 69 «Инновационные технологии инфраструктуры» на базе ТОО «Техностандарт-НС»

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ Приказом Председателя Комитета технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 8 декабря 2014 года № 253-од

3 Настоящий стандарт идентичен EN 14078-2014 «Liquid petroleum products. Determination of fatty acid methyl esters (FAME) in middle distillates by infrared spectroscopy method» (Нефтепродукты жидкие. Определение содержания метиловых эфиров жирных кислот (FAME) в средних дистиллятах. Метод инфракрасной спектрометрии)

Официальный экземпляр международного стандарта, на основе которого подготовлен настоящий национальный стандарт и на которые даны ссылки, имеются в Едином государственном фонде нормативных технических документов

Перевод с английского языка (en)

Степень соответствия – идентичная, IDT

4 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ **2019 год**
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ **5 лет**

5 ВВЕДЕН ВПЕРВЫЕ

Информация об изменениях к настоящему стандарту публикуется в ежегодно издаваемом информационном указателе «Нормативные документы по стандартизации», а текст изменений и поправок – в ежемесячно издаваемых информационных указателях «Национальные стандарты». В случае пересмотра (замены) или отмены настоящего стандарта соответствующее уведомление будет опубликовано в ежемесячно издаваемом информационном указателе «Национальные стандарты»

Настоящий стандарт не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Комитета технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан

НАЦИОНАЛЬНЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Нефтепродукты жидкие
Определение содержания метиловых эфиров жирных кислот в средних дистиллятах
МЕТОД ИНФРАКРАСНОЙ СПЕКТРОМЕТРИИ

Дата введения 2016-01-01

1 Область применения

